

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Ч.І.- Б36-39.

ӘОЖ: 636.082.454.5

«ҚАДАМ-НС» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА СИЫРЛАРДЫҢ БЕДЕУЛІГІН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ

*Қалниязов Б.Т., 1 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жануарлардың өсіп-өну процессін ветеринариялық тұрғыдан қолдау аса маңызды. Бұл төлдегеннен кейінгі ветеринариялық профилактикалық шаралардың жүргізілуі сиырлардың инволюциялық үрдістерін уақтылы реттеуге мүмкіндік береді және аналық жыныс бездеріндегі фолликулмен бірге жыныс циклінің қалпына келуін қамтамасыз етеді. Репродуктивтік көрсеткіштерді арттырудың жолы ретінде акушерлік-гинекологиялық ауруларды ерте анықтау, тиімді емдеу, сондай-ақ инволюциялық үрдістерді ынталандыру мақсатында ветеринариялық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру ұсынылады.

Төлдегеннен кейін сиырларда бедеуліктің кең таралуы мен ұрықтану көрсеткішінің төмендеуі байқалатынын ескере отырып, сиырлардың өсіп-өну көрсеткіштерін арттыру мақсатында биологиялық белсенді заттарды (БАТ) қолданудың теориялық және практикалық маңызы зор. Сиырлардағы бедеулік мал шаруашылығы үшін бірнеше себептер бойынша үлкен мәнге ие:

- өндіріс тиімділігі: табынның құнарлылығы шаруашылықтың жалпы өнімділігіне тікелей әсер етеді. Көптеген жоғары сапалы төлдердің болуы сүт пен ет өндірісінің артуына септігін тигізеді.

- генетикалық жетілдіру: бедеулікпен күресу фермерлерге сау және өнімді жануарларды тандап, өсіруге мүмкіндік береді, бұл табынның генетикалық сапасын жақсартады.

- экономикалық шығындар: бедеу сиырлар төлдемегендіктен, сүт немесе ет өндірісі тоқтайды, бұл шаруашылыққа елеулі қаржылық зиян келтіреді.

Сондықтан сиырлардың бедеулігімен тиімді күресу ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі аспектісі болып табылады.

Сиырлардың бедеулігін зерттеу мал шаруашылығын дамыту және өнім өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды. Табынды асылдандырудың негізгі мақсаты — сиырлардың буаздығы мен төлдердің өмір сүру пайызын арттыруға мүмкіндік беретін әдістер мен технологияларды әзірлеу, нәтижесінде табынның құнарлылығы артады.

Ұрықтандыру әдістерін оңтайландыру, соның ішінде ұрықтандыру уақытын тиімді жоспарлау мен сапалы генетикалық материалдарды таңдау, өсіру процесінің максималды тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Рационның жеткіліксіздігі организмде, әсіресе жыныстық жүйеде патологиялық өзгерістердің пайда болуына әкеледі: жүйке жүйесінің тонусының төмендеуі, метаболизмнің бұзылуы, эндокриндік белсенділіктің нашарлауы, оогенездің жеткіліксіздігі және басқа да мәселелер. Лактацияның аяқталуынан төлдегенге дейін сиырлардың азығының сапалы болуы, төлдегеннен кейін репродуктивтік функцияның қалпына келу мерзімін ұзартуға және төлдеуден кейінгі алғашқы жыныстық қозу кезеңін созуға ықпал етеді [1].

Микро және макроэлементтермен байытылған рацион ағзаның барлық қоректік заттарды жақсы сіңіруіне ықпал етеді. Олардың жетіспеушілігі азықтағы жеткіліксіз мөлшерден немесе жануардың денесінде белгілі себептермен сіңірілуінің төмендігінен туындауы мүмкін. Екі жағдайда да, ең алдымен, тірі ағзаның ең осал жүйесі — сиырлардың жыныстық жүйесі зардап шегеді [2].

Зерттеу нысаны ретінде қазақтың ақ бас сиырлары таңдалды. Шаруашылықта сиырлардың акушерлік-гинекологиялық ауруларының таралуы туралы мәліметтер анамнез мәліметтері мен ірі қара малдың аналық басын акушерлік-гинекологиялық диспансерлеу нәтижелеріне негізделді.

Жануарларды клиникалық зерттеу ветеринарияда қабылданған әдістермен жүзеге асырылды. Сыртқы тексеру кезінде жыныс циклі кезінде және одан тыс қынаптан бөлінген шырыштың сыртқы түрі, иісі, қан мен шырыштың бар-жоғы анықталды. Тік ішек арқылы пальпация және ультрадыбыстық диагностика жүргізілді, жеке гинекологиялық қолғаптар қолданылды. Жатыр мойнының көлемі мен консистенциясы зерттеліп, жатыр түтіктерінің жағдайы ескерілді.

Сиырлардың жатыры мен аналық жыныс бездерінің ультрадыбыстық зерттеуі УДЗ сканері арқылы жүргізілді. Сканер 7,5 МГц жиілігінде визуализация режимінде жұмыс істеп, тік ішекті зонд (датчик) арқылы зерттелді. Органдардың көлемі мен құрылымына ерекше назар аударылды. Жасырын эндометрит белгілерін анықтау үшін жатыр мойны мен қынаптық шырыштың сапасына көңіл бөлінді.

Іске асырылған зерттеу кезінде анамнездік зерттеу нәтижесінде 50 сиырға бедеулік диагнозы қойылды. 1 ай ішінде төлдегеннен кейін буаздылық белгілері айқындалмаған сиырларға бедеулік диагнозы қойылды. Бұл сан шаруашылықтағы сал басының бедеуліктің үлесі бойынша 15,43% құрады.

Анамнездік деректер ветеринар дәрігерге жыныс мүшелерінің жеке аймақтарын мұқият зерттеуге мүмкіндік береді, әсіресе тұқым қуалайтын жыныс мүшелерінің ауруларын анықтау үшін.

Жалпы клиникалық зерттеу сиырдың тыныс алу көрсеткіштері, температурасы, руминациясы және т.б. жүйелерін бағалаудан тұрады. Клиникалық зерттеулердің әдістемесі диагностика курстарында жан-жақты және толық қамтылған.

Клиникалық зерттеулер репродуктивтік органдардың морфофункционалды жағдайын бағалауды және сыртқы мен ішкі тексерулерді қамтиды. Сыртқы зерттеулер сыртқы жыныс мүшелерін тексеругенегізделеді. Ал ішкі зерттеу әдістері зерттеушінің тік ішек арқылы немесе арнайы құралдар енгізуін қажет етеді, бұл сиырларда гинекологиялық патологияның диагностикасының негізгі ішкі әдістерінің бірі болып табылады.

Тік ішек арқылы зерттеу

Ірі жануарлардың жыныс мүшелерін тік ішек арқылы тексеру барлық ішкі жыныс мүшелерінің жағдайы туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді және маңызды диагностикалық белгілерді анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Бұл белгілерге мыналар жатады:

- а) жатырдың орналасуы;
- б) жатыр мүйіздерінің диаметрі мен ұзындығы;
- в) жатырдың жиырылу жағдайы;
- г) аналық жыныс бездерінің морфофункционалды жағдайы.

Тік ішек арқылы зерттеу әдістемесі зерттеушінің тік ішектің қабырғасы арқылы жыныс мүшелерін пальпациялауға негізделеді, бұл зерттелетін органдардың бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Тік ішек арқылы зерттеудің арқасында репродуктивтік органдардың морфофункционалды күйін анықтау үшін зерттеушінің қолының сызықтық өлшемдеріне сүйене отырып, жыныс мүшелерінің мөлшерін дәл белгілеу мүмкіндігі бар.

Тік ішек арқылы зерттеу барысында бедеу сиырлардың мынадай белгілері анықталады. Көп төлдеген сиырларда жатыр мойны, денесі, жатыр мүйізі және аналық жыныс бездері жамбас қуысында орналасады, ал кәрі сиырлардың жатыры құрсақ қуысына түсіп кетуі мүмкін. Жатырды сипағанда, мүйіздер жиырылады; олардың консистенциясы серпімді әрі кейде қатты болады. Жатырды алақанмен және саусақтармен еркін ұстап көруге болады. Жиырылған жатыр жарты шар тәріздес тегіс формада сезіледі. Жиырылу кезінде жатыр мүйіздерінің мөлшері мен пішінін салыстыру ыңғайлы. Көп төлдеген сиырлардың оң мүйізі әдетте сол жақ мүйізден сәл қалың болады.

Бедеулікпен ауыратын сиырлар мен қашарларда репродуктивтік органдардың ауруларын анықтау үшін зерттеулер жүргізіледі. Зерттеуге алынған сиырлар үшін алдын ала кесте жасалып, олардың әрқайсысынананамнез мәліметтері жиналады: соңғы төлдеу уақыты, төлдеуге дейінгі және төлдеуден кейінгі асқынулар болған-болмағаны, төлдегеннен кейінгі ұрықтандыру және соңғы ұрықтандыру күні [3].

Ультрадыбыстық зерттеу

Ультрадыбыстық диагностика патологиялық процестердегі өзгерістердің деңгейін визуализациялауға мүмкіндік беріп, жалпы клиникалық зерттеулерді айтарлықтай толықтырады. Алайда, қазіргі таңда ірі қара малға арналған зерттеулердің сапасы жатыр қабырғасы мен жатыр түтіктеріндегі патологиялық өзгерістерді толық бағалауға мүмкіндік бермейді.

Зертханалық зерттеу

Жыныс мүшелерінің ауруларын зертханалық диагностикалау кешеніне арнайы зерттеу әдістерімен қатар ветеринарлық тәжірибеде жалпы қабылданған қан, зәр және нәжісті зерттеу де енеді. Мұндай кешенді әдістің қажеттілігі жануар ағзасының тұтастығына негізделеді, себебі ол дене жүйелерінің үйлесімді қызметі арқылы өмірлік функцияларды дербес реттеуге мүмкіндік береді.

Өнімділік деңгейінің артуымен бірге қарқынды метаболизм организмге үлкен жүк салады. Организмнің қызметін бұзылудан қорғау немесе кем дегенде азайту үшін энергия, маңызды аминқышқылдары, майда еритін дәрумендер мен минералдарға деген қажеттіліктерді толықтыру қажет. Бұл заттар денеге қажетті мөлшерде ғана емес, сонымен қатар өзара және негізгі қоректік заттарға белгілі бір пропорцияда енгізілуі тиіс. Пропорцияның төмендеуі немесе артуы, сондай-ақ жеке заттардың жетіспеушілігі немесе артық болуы, көбінесе репродуктивтік функцияның бұзылуына алып келеді. Сондықтан, азықтандырудағы қателіктер жоғары өнімді сиырларға теріс әсер етіп, метаболизмге ықпал етеді, соның нәтижесінде организмнің жалпы және кейбір жағдайларда ерекше қорғаныс күштері әлсірейді. Азықтандыру қателігінің нақты белгілері сирек кездеседі, бұл олардың әсерімен күресуді қиындатады [4].

Бедеулікті нақтылы және тиімді диагностикалау үшін генетикалық, патологиялық, қоршаған орта жағдайлары және экономикалық тәжірибелер сияқты көптеген факторларды ескеруді талап етеді. Диагностикалық әдістерді жетілдіру және генетикалық зерттеулер мен репродуктивті биотехнологиялар сияқты жаңа технологияларды енгізу қажет [5].

Бедеулікті алдын алудың әртүрлі бағыттары, соның ішінде табынның генетикалық сапасын бақылау, рацион және мацион жағдайларын оңтайландыру және жаңа технологияларды айқындау көзделеді.

Қорыта келгенде, сиырлардың бедеулігі шаруашылыққа айтарлықтай шығындар әкеледі. Қазіргі таңда бұр тақырып мал шаруашылығында, жалпы ветеринарияда өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан сиырлардың бедеулігін алдын алу шараларын жүргізу маңызды рөл атқарады.

Ғылыми жетекшісі в.э.д, профессор Абдрахманов Т.Ж.

Әдебиеттер тізімі

1 Юсупов, СР. (2006). Влияние минерального обмена на развитие послеродовых эндометритов коров и совершенствование методов их профилактики и терапии: автореф. дис. ... канд. вет. наук 16.00.01/ Юсупов Самат Равхатович, Казань. 22.

2 Амагырова, ТО, Муруев, АВ. (2010). Коррекция иммунобиологической реактивности организма коров биотехнологическими методами: монография ФГОУ ВПО «БГСХА им. В.Р. Филиппова». Улан-Удэ: изд-во БГСХА им. В.Р. Филиппова. 120.

3 Полянцев, НИ. (2014). *Технология воспроизводства племенного скота*. СПб–Москва–Краснодар, «Лань». 278.

4 Мартынова, ЕН. (2017) . Молочная продуктивность коров черно–пестрой породы ведущих семейств в условиях племзавода АО "Учхоз Июльское ИжГСХА". Бюллетень науки и практики, 8 (21), 92–96.

5 LeBlanc, SJ. (2011). Reproductive tract defense and disease in postpartum dairy cows. *Theriogenology*, 76(9), 1610- 8.